

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 тамыздағы N 796 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қазандағы N 1068 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен олардың сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 тамыздағы N 796 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген 035 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оның сараптамасы республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу мен олардың сараптамаларын жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың" тізбесі:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 9-1 және 9-2-жолдармен толықтырылсын:

"9-1 Ауылдық денсаулық сақтау саласында ұтқыр және телемедицинаны дамыту 28,00

9-2 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау бірыңғай ақпараттық жүйесін құру 12,00";

мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 23-жолмен

толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі 23 Щучинск қаласындағы республикалық шаңғы спорт базасы 7,43".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі